

«Бекітемін»

«Білім беруді жаңғырту  
орталығы» МКҚК  
басшының м.а.



С. Дауешова

2022 жыл

«Talent! Music! Chidren!» «Академиялық ұтқырлық» жобасы аясында  
қалалық шығармашылық байқауының  
ЕРЕЖЕСІ

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕСІ

1. Қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «Talent! Music! Chidren!» «Академиялық ұтқырлық» жобасы аясында қалалық шығармашылық байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізу қағидаларын, мақсатын, міндеттерін және тәртібін айқындайды.

**Байқаудың мақсаты:** білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, тұлға тәрбиелеу және одан әрі дамыту, жүйелі және мақсатты қызмет, рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарға тарту.

**Міндеттері:**

- дарынды оқушыларды анықтау, қолдау және дамыту;
- білім алушыларды патриотизм, гуманизм, демократия, ұлтаралық келісім және толеранттылық рухында тәрбиелеу;
- оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- халық шығармашылығы саласындағы мәдени дәстүрлердің сабақтастығын сақтау;
- салауатты бәсекелестік рухын қалыптастыру;
- жас дарындылардың шығармашылық деңгейін көтеру.

2. Байқау Астана қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК, Астана қаласы әкімдігінің «№1 Өнер мектебі» МКҚК ұйымдастырады.

3. Байқау қашықтық форматта өткізіледі.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын құрайды.

## 2. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1. Дәстүрлі ән;
2. Хор;
3. Вокал;
4. Домбыра.

Байқауды қазылар алқасы 10 балдық жүйе бойынша бағалайды. Шешім қатысушы мүшелердің көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді, түпкілікті болып табылады, шағымдануға және қайта қарауға жатпайды.

### **«Шырқа дауысым» дәстүрлі ән номинациясы**

Байқау қатысушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіші топ (8-11 жас), үлкен топ (12-15 жас) бойынша 2 топ бойынша өткізіледі.

#### **Кіші топ:**

1. Халық әні;
2. Қалауы бойынша ән немесе терме.

#### **Үлкен топ**

1. Халық әні;
2. Халық композиторының әні немесе терме.

#### **Ескерту:**

Егер жетекші бірнеше оқушыны сайысқа қатыстырса, әр сайыскердің бағдарламасы бірін-бірі қайталамауы тиіс. Байқауға қатысушы қазақтың ұлттық киімімен шығуы тиіс.

#### **Бағалау критерийлері:**

- орындаушылық шеберлік;
- интонацияның тазалығы және музыкалық сезімталдығы;
- шығарманы эмоциялық және сахналық интерпретациямен орындау;
- байқау жағдайындағы репертуардың дәл сәйкестігі;
- орындау техникасы мен деңгейі;
- әртістік және сюжеттік;
- сахналық көрініс (сахналық киімі).

Қатысушылар байқауға арнайы орналастырылған бейнематериалға сілтеме ұсынады <http://www.youtube.com>, және электрондық поштаға [nurdaulet\\_13.97@mail.ru](mailto:nurdaulet_13.97@mail.ru), MP4 бейне форматында жіберіледі.

Бұрын сапалы түрде жазылған дайын бейнені тоқтаусыз бір роликпен пайдалануға рұқсат етіледі. Әр түрлі қойылымдардың «кесінділері» қарастырылмайды.

Байқауға арналған бейнеролик кез-келген сахналық алаңдарда түсіріліп, сапалы фонограмма (сахна, концерттік алаң және т.б.) жазылуы тиіс.

Өтініштер қатысушының төмендегі үлгі бойынша **2022 жылдың 21 қазанға дейін** №1 Өнер мектебінде қабылданады. Мекен жайы: Абай даңғылы 74/1 тел. 52-00-37; эл.пошта: [nurdaulet\\_13.97@mail.ru](mailto:nurdaulet_13.97@mail.ru). Жауапты: **Ахмедияр Нұрдәулет Түгелбайұлы** 8-700-664-28-50.

1.Қатысушылар байқауға қатысуға өтінім ұсынуы қажет (қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім).

2.Қатысушылар мен жетекшісінің куәлік құжаттардың көшірмелері.

3.Байқау жұмысының бейнематериалға <http://www.youtube.com> сілтеме ұсынады.

Байқаудың финалы мен қорытындысы және марапаттау рәсімі 2022 жылдың 28 қазан күні өтеді.

### «Мұрагер» домбыра номинациясы

Байқау қатысушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіші топ (11-13 жас), үлкен топ (14-16 жас) бойынша 2 топ бойынша өткізіледі.

Қатысушы 2 күй орындайды (күйшілік дәстүрдің жеті мектебінің ішінен өз қалауы бойынша әр мектептен 1 күйден. Мысалы, Арқа күйшілік мектебінен 1 күй және Жиделі-Байсын (Сыр өңірі) мектебінен 1 күй).

Бір мектептен әр жас ерекшелікке сәйкес 11-13 жас, 14-16 жас аралығында 5 оқушыдан қатыса алады.

Егер жетекші (педагог) бірнеше оқушыны сайысқа қатыстырса, әр сайыскердің бағдарламасы бірін-бірі қайталамауы тиіс.

Байқауға қатысушы қазақтың ұлттық киімімен шығуы тиіс.

#### **Бағалау критерийлері:**

орындаушылық шеберлік;

интонацияның тазалығы және музыкалық сезімталдығы;

шығарманы эмоциялық және сахналық интерпретациямен орындау;

байқау жағдайындағы репертуардың дәл сәйкестігі;

микрофонмен жұмыс;

сахналық көрініс (сахналық киім үлгісі);

көркемдік мәнерлілік (композициялық және түстік шешім).

Қатысушылар байқауға арнайы орналастырылған бейнематериалға сілтеме ұсынады <http://www.youtube.com>, және электрондық поштаға [k.darhan\\_1990@mail.ru](mailto:k.darhan_1990@mail.ru). MP4 бейне форматында жіберіледі.

Бұрын сапалы түрде жазылған дайын бейнені тоқтаусыз бір роликпен пайдалануға рұқсат етіледі. Әр түрлі қойылымдардың «кесінділері» қарастырылмайды.

Байқауға арналған бейнеролик кез-келген сахналық алаңдарда түсіріліп, сапалы фонограмма (сахна, концерттік алаң және т.б.) жазылуы тиіс.

Өтініштер қатысушының төмендегі үлгі бойынша 2022 жылдың **21 қазанға дейін** «№1 Өнер мектебінде» қабылданады. Мекен жайы: Абай даңғылы 74/1 тел. 52-00-37; эл.пошта: [k.darhan\\_1990@mail.ru](mailto:k.darhan_1990@mail.ru), **жауапты: Кожебаев Дархан Ержанович** 87014613583.

1.Қатысушылар байқауға қатысуға өтінім ұсынуы қажет (қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім).

2.Қатысушылар мен жетекшісінің куәлік құжаттардың көшірмелері.

3.Байқау жұмысының бейнематериалға <http://www.youtube.com> сілтеме ұсынады. Байқаудың финалы мен қорытындысы және марапаттау рәсімі 2022 жылдың 28 қазан күні өтеді.

### «Қазақтың 100 әні» вокал номинациясы

Конкурс жас ерекшеліктеріне сәйкес 2 топ бойынша кіші топ (8-11 жас), үлкен топ (12-16 жас) өткізіледі.

Байқау 2 бағыт бойынша:

- эстрадалық вокал;
- академиялық вокал.

Қатысушы Қазақстанның заманауи композиторлардың 1 әні сапалы минус (-) фонограммамен қазақ тілінде орындайды немесе сүйемелдеумен орындау керек, ұзақтығы 5 минутқа дейін.

Әншілерге «+» фонограммамен орындауға тиым салынады

Бір мектептен әр жас ерекшелікке сәйкес 11-13 жас, 14-16 жас аралығында 5 оқушыдан қатыса алады.

**Бағалау критерийлері:**

- орындаушылық шеберлік;
- интонацияның тазалығы және музыкалық сезімталдығы;
- шығарманы эмоциялық және сахналық интерпретациямен орындау;
- байқау жағдайындағы репертуардың дәл сәйкестігі;
- микрофонмен жұмыс;
- сахналық бейне (костюм);
- көркемдік мәнерлілік (композициялық және түстік шешім).

Қатысушылар байқауға арнайы орналастырылған бейнематериалға сілтеме ұсынады <http://www.youtube.com>, және электрондық поштаға [umit.ilyassova88@mail.ru](mailto:umit.ilyassova88@mail.ru). MP4 бейне форматында жіберіледі.

Бұрын сапалы түрде жазылған дайын бейнені тоқтаусыз бір роликпен пайдалануға рұқсат етіледі. Әр түрлі қойылымдардың «кесінділері» қарастырылмайды.

Байқауға арналған бейнеролик кез-келген сахналық алаңдарда түсіріліп, сапалы фонограмма (сахна, концерттік алаң және т.б.) жазылуы тиіс.

Өтініштер қатысушының төмендегі үлгі бойынша **2022 жылдың 21 қазанға дейін** «№1 Өнер мектебінде» қабылданады. Мекен жайы: Абай даңғылы 74/1 тел. 52-00-37; эл.пошта: [umit.ilyassova88@mail.ru](mailto:umit.ilyassova88@mail.ru). **Жауапты:** Ильясова Умит Вячеславна 87029372535.

1.Қатысушылар байқауға қатысуға өтінім ұсынуы қажет (қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім).

2.Қатысушылар мен жетекшісінің куәлік құжаттардың көшірмелері.

3.Байқау жұмысының бейнематериалға <http://www.youtube.com> сілтеме ұсынады. Байқаудың финалы мен қорытындысы және марапаттау рәсімі 2022 жылдың 28 қазан күні өтеді.

**«Шексіз талант» хор ұжымы номинациясы**

Әр номинацияда конкурсқа қатысушылар үш жас санаты бойынша бөлінеді: кіші топ 6-9 жас, орта топ 10-12 жас, кіші топ 13-16 жас. Хор ұжымында 20-30 қатысушыдан тұрады.

Хор ұжымдарының өнер көрсету бағдарламасы: қатысушылар Қазақстан композиторларының 1 шығармасын қазақ тілінде орындайды.

Кіші топ 6-9 жас - бір дауысты шығарманы орындау

Орта топ 10-12 жас - екі дауысты шығарманы орындау

Кіші топ 13-16 жас - үш немесе төрт дауысты шығарманы орындау.

**Конкурс бейнежазбалар бойынша онлайн режимде өткізіледі.**

**Бағалау критерийлері:**

Музыкалық шығарманы көркем түсіндіру;

Интонация тазалығы және дыбыс сапасы;

Репертуардың күрделілігі;

Репертуардың орындаушылық мүмкіндіктеріне және орындаушылардың жас санатына сәйкестігі.

Хор ұжымдар байқауға арнайы орналастырылған бейнематериалға сілтеме ұсынады <http://www.youtube.com>, және электрондық поштаға [khorovoy.konkurs@bk.ru](mailto:khorovoy.konkurs@bk.ru), MP4 бейне форматында жіберіледі.

Бұрын сапалы түрде жазылған дайын бейнені тоқтаусыз бір роликпен пайдалануға рұқсат етіледі. Әр түрлі қойылымдардың «кесінділері» қарастырылмайды. Байқауға арналған бейнеролик кез-келген сахналық алаңдарда түсіріліп, сапалы фонограмма (сахна, концерттік алаң және т.б.) жазылуы тиіс.

Өтініштер қатысушының төмендегі үлгі бойынша **2022 жылдың 21 қазанға** дейін №1 Өнер мектебінде қабылданады. Мекен жайы: Абай даңғылы 74/1 тел. 52-00-37, эл.пошта: [khorovoy.konkurs@bk.ru](mailto:khorovoy.konkurs@bk.ru). **Жауапты: Нурумбетова Жанна Ташкенбаевна 8707 358 11 42.**

1.Қатысушылар байқауға қатысуға өтінім ұсынуы қажет (қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім).

2.Қатысушылар мен жетекшісінің куәлік құжаттардың көшірмелері.

3.Байқау жұмысының бейнематериалға <http://www.youtube.com> сілтеме ұсынады. Байқаудың финалы мен қорытындысы және марапаттау рәсімі 2022 жылдың 28 қазан күні өтеді.

### **3. БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Қазылар алқасының шешімі негізінде байқау қорытындысы бойынша байқауының жеңімпаздары 1, 2, 3 орындар мен номинациялар анықталады.

Байқау жеңімпаздары дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Байқау нәтижелері байқау аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, сондай-ақ Астана қаласының «Білім басқармасы» ММ және Астана қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК интернет-ресурстарында орналастырылады.

**«Talent! Music! Chidren!» «Академиялық ұтқырлық» жобасы аясында  
ДОМБЫРА, ДӘСТҮРЛІ ӘН ЖӘНЕ ВОКАЛ номинациялары бойынша  
байқауға қатысу өтінімі**

№	Қатысушының аты-жөні телефоны	Мектеп №	Туған жылы, айы	Жетекшінің толық аты-жөні, телефоны	Әннің, күйдің аты, авторы (репертуар)	Youtube желісіне сілтеме

**«Talent! Music! Chidren!» «Академиялық ұтқырлық» жобасы аясында  
ХОР ҰЖЫМЫ номинациясы бойынша байқауға қатысу өтінімі**

№	Хор атауы	Мектеп №	Жетекшінің толық аты-жөні, телефоны	Хор ұжымның қатысушының аты-жөні телефоны	Туған жылы, айы	Әннің, күйдің аты, авторы (репертуар)	Youtube желісіне сілтеме